## Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебі.

***Топтың аты:*** ***"Болашақ"***

***Топтың ұраны:*** ***Болашақ тобы алға***
***Биіктерге самға***
***Достығымыз барда***
***Жүреміз тек алда.***

**Қазан 2015 жыл**



# Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебі

# Болашақ



**Ахмет Диана**

топ басшысы. 4 “а” сынып оқушысы.
“Жас толқын 2015 ” байқауының І орын иегері.
“Алтын күз ”байқауының “Шебер ару ” наминациясының иегері.
Мектепшілік көркем жазу байқауына қатысып мадақтама иегері.

*Ахмет Диана*
*(топ басшысы)*
*4 “а” сынып*
*оқушысы*
























# “Болашақ”

тобы



***Орынтай Санжар***

***4 “а” сынып оқушысы***

## Орынтай Санжар

4 “а” сынып оқушысы.

Аудандық “Қазақ күресінен” І Порын иегері.

Құрбан айт мерекесіне орай ұйымдастырылған аудандық қазақ күресінен І орын иегері

Мектепшілік көркем жазу байқауына қатысып мадақтама иегері.

Ақт өбе облысында өткен “Бастау” математикалық сайыста ІІ орын иегері.





















### Ұстаз шәкіртімен мақтанады

Әрбір ата-ана баласынан ұстаз шәкіртінен үлкен үміт күтері анық. Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебінің бастауыш сынып оқушыларының арасында осындай ата-ана мен ұстаз үмітін ақтап жүрген оқушылар жетерлік. Атап айтар болса, өткен оқу жылында «Ақтөбе-Дарын» өңірлік ғылыми тәжірибе орталығының ұйымдастыруымен өткен «Сократ» математикалық-логикалық ойындар байқауында Нұрмұхамбет Қынап ІІ-дәрежелі, Нұржанат Жақсылық, Әділет Еркебаев, Алтынай Мейрамбекқызы, Әмір Әбдіжәлел ІІІ-дәрежелі дипломмен марапатталды.

Биылғы оқу жылында «Кішкентай зияткер» интеллектуалдық ойындарында Орынгүл Еркінғалиқызы ІІ-дәрежелі, Әсемназ Жәнібек пен Әділет Еркебаев ІІІ-дәрежелі диплом иеленді. Сонымен қатар, үстіміздегі жылы «Ақтөбе-Дарын» өңірлік ғылыми-тәжірибелік қосымша білім беру орталығының ұйымдастыруымен өткен бастауыш сынып оқушыларына арналған «Бастау» атты байқауда Нұрдәулет Әбуталы, Нұрайым Серікқызы, Санжар Орынтай сынды оқушыларымыз жүлдемен оралды.

Мұндай жетістіктер тынымсыз ұстаз еңбегінің нәтижесі. Жоғарыдағы аты аталған оқушыларымыздың жетістікке жетуіне мектебіміздің жас ұстаздарының бірі Баян Елжанованың қосқан еңбегін айтуға болады. Қашан да ізденімпаздығымен көзге түсіп жүрген жас маман «Жас ұстаз – 2014» аудандық байқауының екінші орын иегері.

**С.СЕРДАЛЫҚ...**
**Ы. Алтынсарин атындағы орта мек...**
**бастауыш сынып м...**



# “Болашақ”

**тобы**



**Қайнарқызы Зерде**

4 “в” сынып оқушысы.
Бастауыш сыныпта өткен “Көркем жазу ”байқауының мадақтама иегері.
“Айгөлек”балалар байқауының II орын иегері.
“Сәлем саған туған жер” жазғы лагерінде өткен “Лагер аруы -2015 ” байқауында “Өнерлі ару ” номинациясының игері.

*Қайнарқызы Зерде*
*4 “в” сынып оқушысы*




















# “Болашақ”

тобы



## Кенжехан Айзере

4 “б” сынып оқушысы.
“Сәлем саған жарқын жаз” жазғы сауықтыру лагер аясында ұйымдастырылған “Толағай” спорттық сайысына белсене қатысқаны үшін мадақтама қағазымен марапатталды. Ұлы жеңістің 70 жылдығына байланысты “Менің атам майдангер” атты шығарма байқауында II орын орын иегері.

*Кенжехан Айзере*
*4 “б” сынып оқушысы*


















# “Болашақ”

тобы

# *Математика білім бастауы*



1.Торда 12 құс отыр. Оның 11-нен басқасы ұшып кетті? Торда қанша құс қалды?

**12 құс. (Тордан ұша алмайды)**



2. Барлық жылқының үштен бірі және екеуі бөлініп алынды. Бұдан соң қалған жылқының жартысы айдалып кетті. Сонда өрісте 9 жылқы қалды. Басында неше жылқы болды?

**30 жылқы**



3. Серік әкесінің бүгінгі жасына жеткен кезде, қарындасының жасы қазіргі жасынан 2 есе үлкейеді. Ал қарындасы әкесінің бүгінгі жасына жеткенде, Серіктің жасы бүгінгі жасынан 2 есе үлкейеді. Үшеуінің жастарының қосындысы 100 болса, әр бірінің жасы қаншада?



**Серікпен қарындасы 25 жаста, әкелері 50 жаста.**

4. Атасы немерелеріне сақтап қойған асығын бергісі келді. Оларға жетеуден берсе, асықтың екеуі артық қалады. Ал сегізден берсе, асықтың біреуі жетпей қалады. Атаның неше немересі бар? Асығы нешеу?




**23 асық, 3 немере**

5. Мұраттың 7, Мақсаттың 8 алмасы бар, ал Асанның алмасы жоқ. Алмаларды үшеуі бес бестен теңдей қылып бөліп жейді. Кейін Асан үйінен 30 жаңғақ алып келеді. Мұрат пен Мақсатқа берген алмаларының мөлшеріне тең келетіндей етіп бөлістіріп береді. Екеуіне қанша қаншадан түседі?



**Мұратқа 12 жаңғақ, Мақсатқа 18 жаңғақ беріледі.**

6. Жандостың үйінің бақшасында кәрі бір ағаш бар. Әр жылы 25 сантиметр өседі. Жандос 8 жасар кезінде жерден 140 сантиметр биіктіктегі ағаштың діңіне ЖАНДОС деп есімін жазады. Жандос 12 жасқа толғанда бұл жазу қанша сантиметр өскен болады?





**өспейді. Өйткені кәрі ағаштардың діңі емес бұтақтары өседі**.

7. Үстел үстінде үш стакан шие тұр. Марат бір стакан шиені жеп қойды. Неше стакан қалды?

**үш стакан**



8. Айдынның Асқардан бойы ұзын, бірақ Жанаттан кіші. Кім ұзын?

**Жанат – ұзын**



9. Мотоцикл жүргізушісі ауылға келе жатқанда жолдан өзіне қарсы үш жеңіл машина және бір камазды кездестірді. Ауылға неше машина бара жатыр?

**Бір ғана мотоцикл**



10. Менің атым Медет Менің тәтемнің бір ғана інісі бар. Менің тәтемнің інісінің аты кім?

**Медет**





# Қазақ тілі



1.Етістік бола алмайтын,тек зат есім ғана бола алатын сөзді белгілеңіз. (Әтеш)



2.Дыбыстауы бір,бірақ мағыналары әр түрлі болатын сөздер –амонимдер.

**Жоғарыда берілген сызбадағы сұрақ белгісінің орнына сәйкес суретті қойыңыз.**









3.Ребустың шешуіндегі сөздің қай сөз табына екенін табыныз.




4.Пингвиннің сұрағына кім дұрыс жауап берді.

**5. Үстел үстінде үш түсті шарлар жатыр. Егер қызыл мен көк шарларды санасақ – 3 шар болады, егер қызыл мен жасыл шарларды санасақ – 4 шар болады, егер көк және жасыл шарларды санасақ – 5 шар болады. Үстел үстінде әр түсті шардан қанша жатыр?**



**Жауабы:**1 қызыл, 2 көк, 3 жасыл шарлар бар. Қызыл мен көк шарлар үшеу болса, онда 2 қызыл, 1 көк не 2 көк, 1 қызыл.Қызыл мен жасыл шарлар көк пен жасыл шарлардан кем(1), онда қызыл (1), жасыл (2). Бұдан кейін көк шарлар санын анықтаймыз.

**6. Қамар, Ғалия және Орынша үш қыздың әрқайсысы аю, қоян, пілдерін ойнап тықты.Қамар қоянды тыққан жоқ. Орынша қоянды да, аюды да тыққан жоқ. Кім қандай ойыншықты тықты?**



**Жауабы:**Қамар аюды, Орынша пілді, ал Ғалия қоянды тықты.

**7. Үш қыз жануарлардың суреттерін салды. Сонда 2 иттің және 1 мысықтың суреті шықты. Қамар мен Ләйла және Майра мен Ләйла әр түрлі жануардың суреттерін салды. Кім ненің суретін салды?**



**Жауабы:**Қамар мен Майра иттің суретін, ал Ләйла мысықтың суретін салды?

8.Қайықпен екі бала жүзіп жүрді. Оларға үлкен кісі келіп, келесі жағалауға шығаруларын өтінді. Қайыққа 2 бала немесе 1 үлкен кісі міне алады. Балалар ақылды еді, сондықтан олар шешімді тез тапты. Сен таптың ба?

**Жауабы:** Екі бала қайыққа отырып, келесі жағалауда біреуі қалады. 2. Екінші бала қайтып келіп, қайықты үлкен кісіге береді де, өзі осы жағада қалады. 3. Үлкен кісі келесі жағаға шығып түседі де, №1 бала қайықты алып қайтып келеді.



9. Тоқсұлу бесінші, ал Орынкүл сегізінші қабатта тұрады. Жамиля мен Сымбат Орынкүлден төмен, бірақ Тоқсұлудан жоғары тұрады. Жамиля Сымбаттан төмен тұрады. Қыздар қай қабатта тұрады?

**Жауабы:** Тоқсұлу -5, Жамиля – 6, Сымбат – 7, ал Орынкүл 8-қабатта тұрады.



10. Қатира Батимадан үлкен, ал Нағима Қатирадан үлкен, бірақ Сәуледен кіші.Үлкенінен бастап қыздарды бір қатарға қой.

**Жауабы:** Бірінші Сәуле, Нағима, Қатира және Батима тұрады.



# Дүниетану



1.Бір жылда 28 күні бар неше ай бар?
Жауап: Барлық айлар

2. Жаңбыр жауып тұрғанда қоян қандай ағаштың түбінде отыруы мүмкін?
Жауап: Су ағаштың түбінде



3. Адам бөлменің ішінде болғанда қай уақытта оның басы болмауы мүмкін?
Жауап: Терезеден басын далаға шығарып қарағанда

4. Иттің құйрығында таба ыдыс байланып тұр. Ит ыдыстың дауысын естімеуі үшін қандай жылдамдықпен жүгіруі тиіс?
Жауап: бір орнында тұруы қажет



5. Көзді жұмып нені көруге болады?
Жауап:түсті.

6. Суға батпайды, отқа жанбайды?
Жауап:Мұз



7. Жасыл түсті көргеніңізде не істеуіңіз керек?
Жауап:бағдаршамдағы жасыл түс. Жолдың арғы бетіне өтуіңіз тиіс.



8. Тамақты қандай ыдыс-аяқпен ішу мүмкін емес?
Жауап:ыдыстың түбі бос болғанда



9. Астананы бұрын Ақмола деген, ал қара түсті қаланы ше?
Жауап:Қарағанды қаласы

10. Отыз екі жауынгердің, бір басшысы бар.
Жауап:тіс пен тіл



# Қолданған әдебиеттер тізімі:

1.Айналамен таныстыру Алматы -2008 ж 4 сынып

2.Логика әлемі   1,2,3,4  сыныптар
3.Қазақ тілінен дидакткалық материалдар
4.Математикалық тапсырмалар.

5.Математикадан логикалық тапсырмалар жинағы
6.Дүниетану пәні бойыншалогикалық тапсырмалар.
7.Адам және спорт ,табиғат

# Назарларыңызға рахмет!

